

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істер жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 қаңтар N 126

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.18. N 1220 қаулысымен

2. Облыстарда және Астана мен Алматы қалаларында штат санының белгіленген лимиттері шегінде Құрылыс істері жөніндегі комитеттің аумақтық басқармалары құрылсын.

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.18. N 1220 қаулысымен

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің "Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны (бұдан әрі - "Мемқұрылысинспекция" РМК) мен оның еншілес кәсіпорындары заңнамада белгіленген тәртіппен таратылсын.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті "Мемқұрылысинспекция" РМК мен оның еншілес кәсіпорындарының таратылғаннан кейін қалған мүліктерін Құрылыс істері жөніндегі комитетке беруді қамтамасыз етсін.

7. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

2 6

қ а ң т а р д а ғ ы

N

1 2 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті туралы ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі арнайы атқару және мемлекеттік бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырушы уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

2. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады әрі облыстарда және Астана мен Алматы қалаларында өзінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелері) болады.

Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

3. Комитет өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Комитетте өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбасы және белгіленген үлгідегі
б л а н к т е р і б о л а д ы .

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитеттің банктерде есепшоттары болады.

5. Комитет азаматтық-құқықтық қатынасқа өзінің атынан түседі және Комитеттің мемлекет атынан, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы ретінде түсуі мүмкін.

6. Комитет өз құзыретінің шегінде Төрағаның бұйрығымен ресімделген, Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күші бар шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің штат санының лимитін және құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге
а с ы р ы л а д ы .

Комитетке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынасқа түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен түскен кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

9. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Комитеттің заңды мекен-жайы:
473000, Астана қаласы, Районный тұйық көшесі, 15/1.

2. КОМИТЕТТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

11. Комитетке мынадай негізгі міндеттер:

- 1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- 2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асырған кезде азаматтар мен қоғамның қолайлы әрі экологиялық қауіпсіз өмір сүру және тіршілік ету ортасына деген мүдделерін қамтамасыз ету, жобалау мен құрылыс өнімдерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау, құрылыстың сенімділігі мен қауіпсіздігін, пайдаланған кезде салынған объектілердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 3) халықтың толық мәнді өмір сүру және тіршілік ету ортасын қалыптастыру, елді мекендердің табиғи ресурстары мен аумақтарын және қонысаралық аумақтарды қала құрылысына игерген, дамытқан мен салған кезде оларды ұтымды пайдалану;
- 4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қаражаттарымен тарихи және мәдени мұра ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) әлеуметтік, өндірістік, инженерлік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылымдарды дамыту;
- 6) салаға инвестицияларды тарту және оларды тиімді пайдалану үшін ынталандыратын жағдайлар жасау;
- 7) жобалау және құрылыс өнімдерінің ішкі рыногын қорғау, отандық жобалау мен құрылыс өнімдері сапасын және бәсекелесуге қабілетін арттыруға ынталандыратын жағдайларды қалыптастыру;
- 8) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы интеграциялық процестерді тереңдету жүктеледі.

3. КОМИТЕТТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

12. Комитет жүктелген міндеттерге сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізеді;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік реттеу әдістерін әзірлейді;
- 3) құнды сәулет-қала құрылысы мұрасының сақталуын, сәулет пен қала құрылысында ұлттық және мәдени дәстүрлердің дамуын ескере отырып, аумақтарды және елді мекендерді игеру мен дамытудың басым бағыттары бойынша мемлекеттік бағдарламалар әзірлейді;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлейді және оларды келіседі;

5) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында нормативтік құқықтық кесімдерді, нормативтік-техникалық құжаттарды заңнамада белгіленген тәртіппен әзірлейді, бекітеді және қолданысқа енгізеді;

6) құрылыстағы мемлекетаралық (халықаралық) және мемлекеттік стандарттарды белгіленген тәртіппен әзірлейді, бекітеді және қолданысқа енгізеді;

7) тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй қорын сақтау бағдарламасын іске асыруды ұйымдастырады, мемлекеттік тұрғын үй саясатын іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіреді;

8) экспортқа бағдарланған жобалау және құрылыс өнімдерін шығару, сондай-ақ құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісі саласында жаңа техника мен жоғары технологияны игеру жөніндегі бағдарламалар әзірлейді және шараларды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүргізеді және сәулет, қала құрылысы, құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға басшылық жасайды;

10) құрылыс материалдары өндірісінің жаңа технологияларын дамыту бағдарламаларын іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіреді және олардың орындалуын бақылайды;

11) құрылысқа арналған инженерлік іздестірулер саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізеді, кешенді инженерлік іздестірулердің мемлекеттік қорын қалыптастыру мен жүргізуді ұйымдастырады және оған жәрдемдеседі;

12) Комитет құзыретіне енетін мәселелер бойынша халықпен және заңды тұлғалармен ақпараттық-ағартушылық жұмыс жүргізуді ұйымдастырады;

13) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында қолданбалы сипаттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарын анықтау мен оның бағдарламаларын әзірлеуге басшылық жасайды, салалық зерттеу, ғылыми-қолданбалы, эксперименттік және жобалау-іздестіру жұмыстарын орындауды, бекітуді және іске асыруды (енгізуді) ұйымдастырады;

14) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетіндерін қоспағанда, мемлекеттік, аймақаралық немесе мемлекетаралық (халықаралық) маңызы бар объектілер бойынша қала құрылысы, сәулет-құрылыс жобалары мен өзге де жоба (жоба-смета) құжаттамаларын қарайды әрі бекітеді;

15) сәулет пен қала құрылысының облыстық және республикалық маңызы бар органдарының, облыстық және базалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастры қызметтерінің жұмысына ұйымдық және әдіснамалық басшылық жасайды;

16) республикалық деңгейде мемлекеттік қала құрылысы кадастрын ұйымдастырады және жүргізеді, мемлекеттік қала құрылысы кадастрының қызметтерін

мемлекеттік нормативтермен қамтамасыз етеді әрі олардың жұмысын үйлестіреді;

17) сәулет, қала құрылысы және құрылыс, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жағдайын талдайды әрі болжамдар әзірлейді;

18) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ғылыми-техникалық және экономикалық байланыстар аясында шет елдермен әрі халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды;

19) төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөнінде бүлінген құрылысты қалпына келтіру немесе бұзу бойынша кешенді іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

20) құрылыс пен құрылыс өнімдерінің сапасына, қала құрылысы регламенттерінің, мемлекеттік нормативтердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын мемлекетаралық нормативтердің сақталуына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырады;

21) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялайды, берілген лицензиялардың есебін жүргізеді, лицензиаттардың біліктілік талаптарға сәйкестігіне және олардың лицензиялық ережені сақтауына бақылауды жүзеге асырады ;

22) Қазақстан Республикасында тіркелген лицензияларды өзара тану туралы халықаралық шарттар негізінде шет мемлекеттердің лицензияларын таниды;

23) өтініш берушілердің (лицензия алуға талапкерлердің) немесе лицензиаттардың заңнамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін сараптамалық бағалауды жүргізу үшін заңды және жеке тұлғаларды тіркейді;

24) мемлекеттік емес сараптама орталықтарын тіркейді және жобаларға сараптаманы жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар сарапшыларды аттестациялайды;

25) жобалау құжаттамаларының сапасын қадағалауды жүзеге асырады әрі жобалау алдындағы және жоба (жоба-смета) құжаттамаларын мемлекеттік сараптауды ұйымдастырады, жобалардың мемлекеттік сараптамасының бірыңғай жүйесіне басшылық жасайды ;

26) объектілер (кешендер) салуда инвестициялардың негіздемесіне (техникалық-экономикалық негіздемеге) техникалық сараптама жүргізуді ұйымдастырады әрі республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты мен мемлекеттің кепілдігімен тартылатын мемлекеттік емес заемдардың қаражатынан инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін негіз болатын қорытындылар дайындайды ;

27) республикалық маңызы бар қалалардың, жүз мыңнан астам тұрғыны бар облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары жобаларына, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін өзге де қала құрылысы құжаттамаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын ұйымдастырады және оны жүргізеді;

28) Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын мемлекетаралық (халықаралық) нормативтік базаны дамытады;

29) жобалау-іздігіру жұмыстары мен құрылыста баға белгілеуді, құрылыс-монтаж жұмыстарының, құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өзіндік құнына талдау жасайды, объектілер мен кешендер құрылысының сметалық құнын есептеудің тәртібін анықтайды;

30) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Комитет құзыретінің саласында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың мемлекеттік үлестері мен акцияларының пакеттерін иеленеді және пайдаланады;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитетке жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4. КОМИТЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

13. Комитет негізгі міндеттерін іске асыру мен өзінің функцияларын іске асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыретінің шегінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында нормативтік құқықтық кесімдер қабылдауға;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерге және өзге де мемлекеттік нормативтерге қайшы келетін шешімдерінің қолданысын тоқтата тұру және күшін жою жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) объектілерді жобалаудың және салудың (қайта жаңғыртудың) жекелеген техникалық мәселелері бойынша шешім қабылдауға;

4) өтініш берушілердің (лицензия алуға талапкерлердің) немесе лицензиаттардың заңнамада белгіленген біліктілік талаптарға сәйкестігіне сараптамалық бағалау жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларды тіркеудің тәртібін белгілеуге;

5) жобаларды сараптауды жүзеге асыру үшін мемлекеттік емес сараптама орталықтарын тіркеудің және сарапшыларды аттестациялаудың ережесі мен тәртібін белгілеуге;

6) сәулет, қала құрылысы мен құрылыс, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы сабақтас қызмет мәселелері бойынша басқа уәкілетті мемлекеттік органдар әзірлеген заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер жобалары жөнінде ұсыныстар енгізуге;

7) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында жобаларға сараптама жүргізудің, лицензиялаудың және мемлекеттік бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырудың тетіктері мен рәсімдерін жетілдіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізуге;

8) белгіленген тәртіппен қажетті жағдайларда өндірістің басқа салаларының,

ғылыми, зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымдардың мамандарын, сондай-ақ шетелдік мамандарды сарапшылар ретінде тартуға;

9) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында белгіленген заңнама нормаларын, мемлекеттік нормативтік талаптарды, шарттар мен шектеулерді бұзушыларға жол берілген бұзушылықтар мен ауытқуларға байланысты заңнамада көзделген шараларды қолдану туралы шешімдер қабылдауға;

10) құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндірудің техникалық шарттарын қарауға және олардың сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы мемлекетаралық және мемлекеттік нормативтер мен стандарттардың талаптарына сәйкестігі туралы стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға қорытындылар беруге;

11) құрылыс өнімдерін сертификаттау жөніндегі сынақ зертханаларын сертификаттауға және тіркеуге қатысуға;

12) тарих пен мәдениет ескерткіштерінің, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сақталуы мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық кесімдерді және мемлекеттік нормативтерді әзірлеуге қатысуға;

13) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі үшін кадрлар дайындау жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысуға;

14) жобалауға, құрылыс салуға және құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын жеткізуге арналған мердігерлерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды (тендерлерді) ұйымдастыру мен өткізуге қатысуға;

15) инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жылдық жоспарларын жасауға қ а т ы с у ғ а ;

16) республикадағы тұрғын үй проблемасын кезең-кезеңімен шешуде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мен несиелендірудің және тұрғын үй қорын сақтаудың схемалары мен тетіктерін әзірлеуге қатысуға, толық мәнді тұрғын үй рыногын қалыптастыру мен дамытуға жәрдемдесуге;

17) жобалау-іздістіру және ғылыми-зерттеу ұйымдарының, құрылыс-монтаж кәсіпорындарының, құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібінің қызметкерлері үшін кәсіподақ ұйымдарымен әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық келісімдерге қатысушы болуға;

18) сәулет, қала құрылысы және құрылыс терминологиясын түсіндіруге;

19) күрделі құрылыс пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы, сондай-ақ мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алу мен құрылыс материалдарының экспорты-импорты аясындағы статистикалық материалдарды статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органнан белгіленген тәртіппен және белгіленген мерзімде алып тұруға;

20) республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органының

функцияларын жүзеге асыруға;

21) сәулетші (қала құрылысшысы) мен құрылысшы кәсібінің беделін көтеру, мамандардың Қазақстанның қалалары мен ауылдарының қазіргі келбетін жасауға, олардың инфрақұрылымын, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндірудің қолданбалы ғылымы мен технологиясын дамытуға шығармашылық және кәсіптік үлес қосуына ынталандыру мақсатында ведомстволық наградалар белгілеуге;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

5. КОМИТЕТТІҢ МҮЛКІ

14. Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

15. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

16. Комитеттің оған бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе басқа тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

6. КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

17. Комитетті Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

18. Төрағаның Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

19. Төраға лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы болып табылады.

Төрағаның орынбасарлары лауазымдары бойынша Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік құрылыс инспекторының орынбасарлары болып табылады.

Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің басшылары лауазымдары бойынша тиісті облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың бас мемлекеттік құрылыс инспекторлары болып табылады.

20. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады әрі басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауапкершілікте болады.

21. Осы мақсаттарда Төраға:

1) өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін және олардың бір-бірін алмастыруын белгілейді;

2) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

3) заңнамаға сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) Экономика және сауда министрінің келісімі бойынша қызметкерлердің белгіленген штаттық лимит саны мен еңбекақы қорының, аппаратты ұстау шығыс сметасының шегінде Комитеттің және оның облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерінің штаттық кестесін бекітеді;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Комитеттің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ оның аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

8) өз өкілеттігінің шегінде мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Комитеттің мұддесін білдіреді;

9) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

22. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы проблемаларды талдау, бағдарламаларды, жобалар мен нормативтік-техникалық құжаттарды қарау мен бекіту үшін Комитетте сәулет, қала құрылысы, құрылыс, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша консультациялық-кеңесші орган ретінде Ғылыми-техникалық кеңес құрылады.

Ғылыми-техникалық кеңестің сандық және жеке құрамын әрі ол туралы ережені Комитеттің төрағасы бекітеді.

23. Мемлекеттік, аймақаралық немесе өзге де айрықша маңызы бар қала құрылысы және сәулет жобаларын қарау үшін Комитетте консультациялық-кеңесші орган ретінде Сәулет-қала құрылысы кеңесі құрылады.

Сәулет-қала құрылысы кеңесінің сандық және жеке құрамын әрі ол туралы ережені Комитет төрағасы бекітеді.

7. КОМИТЕТТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2002

жылғы

26

қаңтардағы

N 126 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Экономика және сауда
министрлігі Құрылыс істері жөніндегі
комитетінің
Құрылымы**

Б а с ш ы л ы қ ;

Сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасы;
Сәулет, техникалық сараптама және сатып алу басқармасы;
Экономикалық талдау және жоспарлау басқармасы;

Құрылыстағы техникалық нормалар мен жаңа технологиялар басқармасы;

Тұрғын үй құрылысы және құрылыстағы құқықтық реттеу басқармасы.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

2 6

қ а ң т а р д а ғ ы

№

1 2 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері
жөніндегі комитетіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың
ТІЗБЕСІ**

1. Өз қызметін шаруашылық жүргізу құқығында Астана қаласы жүзеге асыратын " Жобалардың мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасы"Ғ республикалық мемлекеттік кәсіпорны ("Мемсараптама" РМК)

2. Өз қызметін шаруашылық жүргізу құқығында Алматы қаласы жүзеге асыратын " Қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау-эксперименталдық сейсмикалық төзімді құрылыс пен сәулет институты" ("ҚазНИИССА" РМК) республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

2 6

қ а ң т а р д а ғ ы

№

1 2 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күші жойылған кейбір шешімдерінің
Тізбесі**

1. "Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 мамырдағы N 485 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 21, 216-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 мамырдағы N 485 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 мамырдағы N 570 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 19, 169-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 шілдедегі N 1022 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 38, 320-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 шілдедегі N 1022 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 тамыздағы N 1198 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 34, 409-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәулет-қала құрылысын бақылау мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 20 сәуірдегі N 353 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 12, 95-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәулет-қала құрылысын бақылау мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларда :

1-тармақ алынып тасталсын.

6. "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 165 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 54-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларда:

2-тармақ алынып тасталсын.